

БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

«Pinnacle Studio» тақырыбы бойынша информатика пәнінен қолданбалы курстың бағдарламасыЖАРИЯЛАНДЫ
29.06.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/77713/>**Түсінік хат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпығаміндеті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

Ақпараттық қоғам жағдайында информатика пәннің рөлі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қатынасын үйлесімді етеді. Қолданбалы бағдарламаның негізгі міндеттері оқушылардың ақпаратты тарату және қолдану. Pinnacle Studio бейне фильмдерді қамтып күрделі өңдеулер жүргізіп, бейне фильмдерді әсерлі әрі көрікті етіп жасау мүмкіндіктерін береді. Берілген курс мазмұны 10-сынып оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылығын арттыру және болашақта кәсіптік дағдыларын жүзеге асыру мақсатында көмегін тигізу үшін құрастырылған. Бұл курс аптасына 1 сағаттан 10-11 сыныптарға 34 сағат. Курсты оқыту оқушылардың өз қабілеттерін толық көрсету және Pinnacle Studio бейне фильмдерді құруға мүмкіндік береді.

10-11 сыныптарда информатиканы қолданбалы курсты оқытудың бағдарламасы орта білім беру жүйесі ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру бағытында және мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес жасақталады.

Бұл бағдарлама 10-11сыныптарда информатика пәнінен қолданбалы курсын оқытуға көзделген.

Курстың негізгі мақсаты:

- тағайындау және мүмкіншіліктің Pinnacle Studio орталары, бағдарлама интерфейсі негізгі элементтері (терезе элементтері мен панелдері, сахна және жұмысшы облыс, монтаж, футаждар, эффектiлер), векторлық және растрлық форматтардың ерекшелiктерiн жасауға нұсқауларын ұсынып отырмын.

Курстың негiзгi мiндеттерi:

- Оқушылардың оқу қабiлетiн жетiлдiру;
- Олардың логикалық ойлау қабiлетiн дамыту;
- Бейнероликтi дұрыстап жасауға үйренуi;
- Бейнероликтегi анимацияны дұрыс жасай бiлуi

Оқушылар бiлу керек:

- Әрбiр батырмалардың өзiне тән қасиеттерiн бiлу.
- Терезе элементтерiн таңдай бiлу.
- Эффектiлердiң ерекшелiктерi
- Монтаждау мен жұмыс iстеудiң негiзгi параметрлерiн бiлу
- Мәтiндердi көрнекiлеудiң әдiстерi
- Бейнероликтермен жұмыс iстей бiлу.
- Футаж ерекшелiктерiн пайдалану

Пәнаралық байланыс: ағылшын тiлi, орыс тiлi.

Тақырыптық - күнтiзбелiк жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзiмi
1	Компьютерлiк графикалық мәлiметтердi таныстыру	1	
2	Pinnacle Studio тарихымен танысу	1	
3	Pinnacle Studio бағдарламасын және қосымша бағдарламаларын компьютерге орнату жолы	2	
4	Pinnacle Studio бағдарламасын интернет арқылы жаңарту жолы	1	
5	Терезе элементтерiмен, құралдарымен танысу	3	
6	Pinnacle Studio бағдарламасына суреттермен бейнероликтердi кiрiстiру	2	
7	Pinnacle Studio бағдарламасына суреттермен бейнероликтердi кiрiстiру, видео құрылғысынан бейнероликтердi жазу жолын үйрету.	2	
8	Суреттермен жұмыс жасау және ретке келтiру	2	

9	Басқа бағдарламаменен байланыстыру жолы (Фотошоп, Photo Effetc, Inkscape, Студио Эффект т.б.)	2	
10	Монтаждау жолын үйрету.	2	
11	Практикалық жұмыс	1	
12	Дыбыс жазу мен аудио трек жолдарын үйрету.	2	
13	Суреттер мен бейнелерге мәтін енгізу	2	
14	Суреттер мен бейнелерге эффекті орналастыру	1	
15	Суреттер мен бейнелерді бір-бірі мен байланысы	2	
16	Монтаждау панелінде қию жолдары	2	
17	Футажбен жұмыс жасау	2	
18	Практикалық жұмыс	1	
19	Эксперт жасау (жасалған жұмысты сақтау форматтарын үйрету).	1	
20	Жобамен жұмыс	2	
Барлығы:		34сағат	

Курсты ұйымдастыру формасын анықтау:

- Дәріс;
- Семинар;
- Практикалық жұмыс
- Жобамен жұмыс

Курсты оқытуды аяқтау формасы:

- Компьютерде бейнероликтерді жасау
- Photo Effetc, Inkscape, Студио Эффект анимация жасау

Жобаның тақырыбы

- Өз бейнеролигін құру
- Отбасылық бейнеролик жасау
- Pinnacle Studio бағдарламасын қолдану

Әдебиеттер мен оқыту құралдары.

1. Pinnacle Studio бағдарламасы Александр Чиртик г. Санкт-Петербург – «ПИТЕР», 2008 год.

Қармақшы аудандық білім беру мекемесі

«№273 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме

**«Pinnacle Studio» тақырыбы бойынша
информатика пәнінен
қолданбалы курстың бағдарламасы**

Оқу пәнінің мұғалімі:

Жалиева Гулназира Нурбаевна

• оқу жылы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.